

ТАЛАНТТАРДЫҢ ТОМАҒАСЫН СЫПЫРҒАН КЕШ

ӨТКЕН АПТАНЫҢ ОРТАСЫНДА ДОМБЫРАНЫҢ ШАНАҒЫНАН КҮЙ ТӨГІЛТКЕН ӘСЕРЛІ КЕШТІҢ КҮӘСІ БОЛДЫҚ. БАСТАЛУЫ ЕКІ САҒАТҚА ТАЯУ КЕШІККЕН КЕШТІҢ ТЕК «АЯҚТАЛУЫ» ДА ҰЗАҚҚА СОЗЫЛЫП КЕТТІ. ӨРИНЕ, КОНЦЕРТ КӨРЕРМЕНДІ ЖАЛЫҚТЫРҒАН ЖОҚ. ТЕК ЛЕБІЗ АЙТУШЫЛАРДЫҢ ЛЕГІ ТОЛАСТАМАДЫ...



«Болам деген баланың жолын кеспей, бөлін бусақ» деген ниетпен «Жақсыны көрмекке» бардық. Яғни, музыка мектебі домбыра класының биылғы бітіруші түлектері Есет Ерболұлы мен Айсұлтан Жұмабаевтың «Түлектер үні – күй тілінде» атты есеп беру кеші. Домбыра — халқымыздың көне мұрасы, ұлттық болмысымыздың бір бөлшегі. Оның қос ішегінен төгілген әуен — қазақтың жан сыры, жүрек үні. Қазақта “Күй — тілсіз тарих” дейді. Себебі күй арқылы ұлтың өткені мен бүгінін, ерлік пен елдікті, сағыныш пен сүйіспеншілікті сезінуге болады. Құрманғазы, Дәулеткерей, Төттімбет, Дина сынды күй дүлдүлдері артына өшпес мұра қалдырды. Ал, сол мұраны бүгінге жеткізген құйма құлақ таланттар болса, ертеңге жеткізетін осы жеткіншектер. Сондықтан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ұлттық мұра осындай ұландар барда

ешқашан өлмейді. Сол өнерді ұрпақтың бойына дарытып, тәрбиелеп, жол сілтеп жүрген бүгінгі ұстаздардың да еңбегі зор. Ал, енді кеш иелеріне келсек, дарынды оқушылар Есетті домбыраның әліппесімен таныстырған Бибігүл Қашқынова болса, апайы зейнеткерлікке шығуына байланысты ол жас маман Мұратхан Таңатарұлының класына ауысты. Ол кезде Айсұлтан да бес жасынан-ақ, Мұратхан Таңатарұлының класына қабылданған еді. Олар аспапты жан-жақты меңгеріп, алғашқы конкурстары мен байқауларға қатысып, нәтижелерін көрсетіп үлгерді. Кейін мұғалімдері қоныс аударуына байланысты екеуі де Салтанат Мерғалиеваның класына ауысыпты. Тәжірибелі жетекші, шәкірт жүрегіне өнер шырағын жағудан жалықпаған Салтанат Тұрғанғалиқызы оқушыларды шыңдап, түрлі конкурстарға қатыстырып, бүгінгі күнге жет-

кізді. Талай аудандық, облыстық байқауларда топ жарып, республикалық фестивалдар қатысып, Ойылдың даңқы аспандатқан өрендер есепті кешті Сүгірдің күйі «Ыңғай төкпен» ашып, Қазанғалтың «Ақжелеңін» төгілті. Күй төгілген кешті Ұлпан Әділханқызы жетекшілік ететін «Алақай» балалар хорының ұлдары «Ақбұлақ» әнімен ірлесе, Айсұлтанның қарындасы Айсұлу да ағаларының кешіне әнмен шашу шашты. Халық күйі «Қарасай Қазиды» Есет жеке орындап өзінің шеберлігін көрсетсе, қобыз класының мұғалімі Жайнагүл Ахмедьяровамен бірге Секен Тұрысбековтың күйімен «Көңіл толқынын» «тербетті». Тағы бір айта кетерлігі Жайнагүл екі балғын күйшінің орындаған күйлерін қобыздың үнімен күңіrentіп, ұлы даланың үнін жеткізгендей болды. Арасында Аллагүл Жангелдіқызы жетекшілік ететін Үлгілі “Маржан”би ан-

самблі мың бұралып, кешті билерімен көмкерді. Музыка мектебінің түлектері арасында Мұратхан Таңатарұлының класын бітіріп, музыкалық білімді жалғастырып, бүгінде еңбекке араласқан түлектерінің бірі, мектеп мақтанышы Ақтөбе қалалық оқушылар сарайының домбыра үйірмесінің жетекшісі Айсұлтан Құспанов та ізбасарларының кешіне арнайы келіп, ырғақты күйлерді төгілкенде, домбыраның шанағынан шыққан әуен мәдениет үйін кернеп кетті.

Айсұлтан Жұмабаев халқымыздың музыка әлемінде өлшеусіз еңбек сіңірген дарынды дирижер, күйші, композитор, Нұрғиса Тілендиевтің тамаша туындылары бірі «Әлқиссаны» орындағанда арқасы қозбаған көрермен жоқ шығар... Ал, күйшілер дамылдағанда Бұлбұл Шәутиенованың шәкірттері «Жақсылықта жолығайық» деп көрерменді бір серпілтсе, домбырадан Мұратхан Таңатарұлының класының түлегі, қазіргі таңда Ахмет Жұбанов атындағы Ақтөбе музыка колледжінің студенті Гаухар Бауыржанқызы да осы концертке арнайы шақырылыпты. Сахнаны күй кернеген кеште Гаухар да ізбасарларының кешінде сағынған жерлестеріне сахнадан күй сәлемін жолдады.

Ал, кеш соңында бірінен бір өткен алты күйші күй тартыспен көрерменнің делебесін қоздырса, жерлестерінің ықыласы гүл болып жауды...

Р.С. Бізде екі шара ешқашан уақытында басталмайды. Оның біреуі – той, екіншісі осы – концерт. Ойылға осы мәдениетті қалыптастыру қиын болып тұр. Ал, өзі түсінбейтін күй кешіне баласын ертіп барғандарды тіпті түсінбедім. Өзіне қажет деп тапқан жерлерін телефонға түсіріп, қалған уақытта телефонын «шұқып» отырған көпіншектің баласы концерттің басынан аяғына дейін айналасының бөрекетін алды. Міне, бұл біздің демалысымыздың «сықы»! Ащы да болса, ақиқат осы!

Сәрікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

ЭЛИХАН ЖАҚСЫЛЫҚ - «MECENAT. KZ» ЖОБАСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ



Жерлесіміз, жас қаламгер Әлихан Жақсылық республикалық «Mecenat.kz» әдеби жобасында үздіктердің қатарынан табылды.

Ол «Қазақстан туралы үздік роман» номинациясы бойынша марапатталып, өмір бойы ай сайын 500 АҚШ доллары көлемінде шәкіртақы иегері атанды. Байқау биыл төртінші рет ұйымдастырылып отыр. Финалға шыққан алты үздік шығарманың ішінен Әлихан Жақсылықтың «Тургенев көшесіндегі үй жұмысқа

қабылдайды» атты романы жеңімпаз деп танылды. Бұл туындыда қаланың қауырт тіршілігіндегі адамдардың тағдыры, әлеуметтік мәселелері мен ішкі жан дүниесі шебер бейнеленген.

Бұл жетістік – жас жазушының әдебиетке деген шынайы ықыласы мен шығармашылық табандылығының жемісі. Жас қаламгердің жеңісі біз үшін де үлкен мақтаныш. Жерлесімізді кезекті жетістігімен құттықтап, шығармашылық жолына сәттілік тілейміз!

ӘКІМ САЙЛАУЫ-2025

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2025 жылғы 4 маусым № 15 Ойыл ауылы

Ойыл ауданының Қараой ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-1 бабының 1-тармағы, 3) тармақшасына сәйкес Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Ойыл ауданының Қараой ауылдық округі әкімінің сайлауы 2025 жылғы 13 шілдеге тағайындалсын;
- Ауылдық округтің әкімдігіне кандидаттарды ұсыну 2025 жылдың 5 маусымынан басталып және ұсыну мерзімінің аяқталуы 2025 жылдың 17 маусым күнгі сағат он сегізге дейін болып белгіленсін.
- Ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттарды тіркеу мерзімінің аяқталуы 2025 жылғы 22 маусым күнгі сағат он сегізге дейін болып белгіленсін.
- Осы қаулы аумақтық сайлау комиссиясының интернет-бетінде және аудандық «Ойыл» газетінде жариялансын.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы **Б.Бисекенов**

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы **Н.Кенжебеков**

ӘКІМ САЙЛАУЫ-2025

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2025 жылғы 4 маусым № 16 Ойыл ауылы

Ойыл ауданының Қараой ауылдық округі әкімін сайлау жөнінде сайлау округін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21 бабының 4) тармағына және 22 бабына сәйкес Ойыл аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ойыл ауданының Қараой ауылдық округі әкімін сайлау жөнінде мынадай сайлау округі құрылсын:

- Қараой ауылдық округінің шекарасында - Қараой сайлау округі;
- Сайлау округінің тізімі, оның шекарасы және аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері көрсетіле отырып, Ойыл аумақтық сайлау комиссиясының интернет-бетінде және аудандық «Ойыл» газетінде жариялансын.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы: **Б.Бисекенов**

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы: **Н.Кенжебеков**

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ - 2025

АУДАНДЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОЧТА» АҚ АРҚЫЛЫ
2025 ЖЫЛДЫҢ ІІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

ИНДЕКС	ЖАЗЫЛУШЫЛАР САНАТЫ	6 АЙ
65525	ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРҒА	3515,22
66525	ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРҒА	6796,86
67525	ЖЕҢІЛДІКПЕН ЖАЗЫЛАТЫНДАРҒА (БАРЛЫҚ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ)	3070,90

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ: 2-11-07, 2-19-02 (РЕДАКЦИЯ)
2-19-98 («ҚАЗПОЧТА» АҚ)

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТҮСІНІКТІН МАКСАТЫ - ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН МІНДЕТ

«АТАМЕКЕН» КӨСІПКЕРЛІК ПАЛАТАСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ ҰЙЫТҚЫ БОЛУЫМЕН БҮГІН АУДАН ПРОКУРОРЫ АҚЕДІЛ ҮСЕНОВ ПЕН АУДАНДЫҚ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ АРДАҚ ҚАНГЕЛДИН ӨТКЕН АПТАДА САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ.

Кездесуде алдымен «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы Ойыл аудандық филиалының директоры Жасұлан Ержанов сапардың мақсатын түсіндірді. Аудан прокуроры Ақеділ Қайсарұлы ауыл тұрғындарына кәсіпкерлердің құқығын қорғау және заңбұзушылықтардың алдын алу бойынша түсінік берсе, аудандық полиция бөлімінің бастығы Ардақ Қангелдин аудандағы мал ұрлығының алдын-алу мен ұрланған малды іздеуде әсіресе жылқының таңбаланбауы көп шаруаға қолбайлау болып отырғанын айтып, тас жолдың бойына жақын орналасқан ауылдардың малдарының қараусыз жайылуы жол-көлік оқиғасына да сеп болып отырғанын жасырған жоқ. Сондықтан, тұрғындарды малды

тұрақты бағуға шақырып, қараусыз мал иелеріне белгіленген заңнамаларға сәйкес айыппұл салынатындығын да жеткізді. Сондай-ақ, интернет алаяқтықтың алдын-алу жайын бірнеше деректер арқылы түсіндірді. Ал, осы жиынға арнайы қатысқан аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Арысланбек Алдияров тұрғындарға алдағы жүргізілетін ауылшаруашылығы санағы, мал басын бірдейлендіру, таңбалау сияқты мәселелерді жан-жақты түсіндірді. Кездесу соңында аудан прокуроры мен аудандық полиция бөлімінің бастығы округ тұрғындарының мұң-мұқтажын тыңдап, әр мәселе жөнінде құқықтық тұрғыда түсініктеме берді.

ЭКІМ САЙЛАУЫ-2025

Ақтөбе облысы Ойыл ауданының Қараой ауылдық округі өкімін САЙЛАУ	
Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының құрамы және орналасқан жері	
Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Көжюкар көшесі № 69 үй, 315 бөлме тел. 8 (71332) 2-16-10	
Бисекенов Берік Төлеуұлы	төраға
Бақтыгереев Сөбит Бақытұлы	төрағаның орынбасары
Кенжебөков Нұрсұлтан Бисембайұлы	хатшы
Комиссия мүшелері:	
Қартбаев Серік Сағынұлы	
Маханова Самал Асқарқызы	
Назаров Өлішер Жүсіпқалиұлы	

2025 жылғы 13 шілдеге тағайындалған, Ойыл ауданының Қараой ауылдық округі өкімін сайлаудағы уәскелік сайлау комиссияларының құрамы	
№ 406 уәскелік сайлау комиссиясы Қараой ауылы, Жасқайрат көшесі 26, «Қараой мектеп-бала-бақшасы» КММ ғимараты,телефон (871332)73-7-20	
Исмагулов Амангелді Сапартілеуұлы	төраға
Базанов Ізмұқан Наурызбайұлы	төрағаның орынбасары
Қалиева Перизат Жалғасбайқызы	хатшы
Комиссия мүшелері:	
Болатова Данагүл Қамбарқызы	
Серік Жібек Серікқызы	
№ 407 уәскелік сайлау комиссиясы Құбасай ауылы,Қызылқорған көшесі 7, «Құбасай бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон (871332)73-7-37	
Өміржанов Жолмырзаұлы	төраға
Есқайыров Жолдығалиұлы	төрағаның орынбасары
Тілекбаева Заманай Халелқызы	хатшы
Комиссия мүшелері:	
Бисенқұлова Сатыбалдықызы	Айсәуле
Құбашева Бекболатқызы	Гүлденай

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы:	Б.Бисекенов
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы:	Н.Кенжебөков

ОЙЫЛ АУДАНЫ ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕГІ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Қараой ауылдық округі Қараой ауылы Жасқайрат көшесі 26, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қараой мектеп-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Қараой ауылы: Тәуелсіздік, Жетікөл, Еңбеккерлер, Қазақстан-2030, Ынтымақ, Алашорда, Бауыржан Момышұлы, Өркениет, Жасқайрат, Желтоқсан көшелері.

№ 407 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Қараой ауылдық округі
Құбасай ауылы Қызылқорған көшесі 7, «Ақтөбе облысының
білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің «Құбасай бастауыш мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Құбасай ауылы: Қызылқорған,
Бейбітшілік көшелері.

ШАБЫТҚА ТОЛЫ ШАҢЫРАҚ – БОЛАШАҚҚА БАСТАҒАН ЖОЛ

БАЛА КҮЛКІСІМЕН КӨМКЕРІЛГЕН, ҮМІТПЕН ӨРІЛГЕН БІР КҮН. Бұл — ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ОҚУШЫЛАР ҮЙІНДЕ ӨТКЕН «ШАБЫТ ТОЛҒАН ШАҢЫРАҚ» АТТЫ ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ШАРАСЫНЫҢ ЖҮРЕККЕ ЖЕТКІЗГЕН ӨСЕРІ ЕДІ...

27 мамыр күні Ойылда өткен мере-келік кеш — тек бір оқу жылының қорытындысы ғана емес, балалықтың бал шағы мен шығармашылықтың шыңына жол ашқан ерекше сәт бол-ды. Өйткені бұл — шынайы шабыт-тың, жасампаздықтың, жас жүректер-дегі үміт пен арманның көрінісі. Баланың бойындағы дарын — ха-лықтың ең асыл байлығы. Осыны те-рең түсінген Ойыл аудандық оқушы-лар үйі бұл күні әр үйірменің жетістігін, жас шеберлердің өз қолынан шыққан бұйымдарын, көркем ойларын ха-лыққа паш етті. Қолөнер көрмесі — қолдың емес, жүректің жұмысы екенін тағы бір мәрте дәлелдегендей. Қағаз-дан ойылып, матадан тігілген әр бұй-ымда бала қиялының самғауы, өмірге деген шексіз құштарлық жатыр. Үйір-ме жетекшілері ұйымдастырған ше-берлік сағаттары — тек көсіп емес, ру-хани тәлім. Балалар саз балшықпен де, түрлі-түсті қағазбен де, киізбен де жұмыс жасауды үйіреніп, өзінің ішкі әлемін жаңа бір қырынан тани түсті. Бұл — болашақ суретшінің, дизай-нердің, ұстаздың алғашқы қадамы. Мара аясында үздік оқушылардың шарапатталуы — еңбектің елеусіз қалмайтынын, ізденістің нәтижесіз болмайтынын айқын көрсетті. Бұл — қанаттандырған қуаныш, ынта-ландырған ұстаз. Олардың көзіндегі қуаныш — шабт еңбегінің де, ата-ана үмітінің де ақталған сәті. Балаларды қорғау күніне орай ұй-ымдастырылған «Қазақстан балала-ры» іс-шаралар жоспары аясындағы

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ӘДІЛЕТ» ҰҒЫМЫ

Әділет – адамзат өркениетінің ең көне әрі ең өзекті категори-ларының бірі. Ол құқықтық жүйелердің ірге-тасы ғана емес, сонымен бірге қоғамның моральдық және ру-хани тұрақтылығының басты көпілі. Қазақ халқының тарихи дү-ниетанымында әділет ұғы-мы тек заң мен ереже шең-берімен шектелмей, ар, ұят, намыс, кісілік сияқты ішкі құн-дылықтармен тығыз байланы-сты қарастырылды. Бұл тұрғыда қазақ халқының рухани көшбасшысы Абай Құнанбайұлы әділет ұғымын терең философиялық мазмұн-мен байытып, оны құқықтық, адамгершілік және иман-дылық категориялармен са-бақтастыра отырып талдаған. Абайдың шығармашылығын-да әділет – адам болмы-сының өзегі, қоғам өмірінің тірегі ретінде көрініс табады. Ол әділеттілікті сыртқы заң нормаларынан гөрі ішкі ар заңымен, адам жүрегіндегі хақпен байланыстырады. Бұл ұстаным бүгінгі құқық философиясындағы табиғи құқық, ар-ождан және адам құқығы сияқты ұғымдармен үндес. Мәселен ол қара сөз-дерінде «Әділетті ізде, әділет-ті бол!» деп, әділетті сырттан күтпей, әр адамның ішкі ұста-нымына айналдыру қажеттігін көрсетеді. Бұл — қазіргі замандағы құқықтық мәдениеттің негіз-гі талаптарының бірі: заңға бағыну ғана емес, әділеттілік-ке ұмтылу. Абай әділеттілік ұғымын екі түрлі деңгейде қарастырады: жеке тұлғалық және қоғамдық. Тұлғалық деңгейде әділет – ар мен ұяттың көрінісі. Қазір-гі құқық саласында бұл — «құқық пен моральдің өзара байланысы» деп аталатын теориялық мәселені меңзейді. Яғни, адамның құқыққа сай әрекет етуі – тек заңнан қорқу емес, ішкі ар-ожданмен үйле-скен жауапкершілігі. Қоғамдық деңгейде Абай әділеттілік принципін билік, мансап, байлық секілді әлеу-меттік қатынастармен байла-ныстырады. Оның пікірінше, қоғамда әділет орнауы үшін, алдымен басшы, билік иесі әділетті бо-луға тиіс. Бұл тұрғыда 3-ші қара сөзін-де айтылған мына тұжырым ерекше маңызды: «Би екеу болса, дау төртеу болады. Бірінің айтқаны біріне ұнамайды. Әділет бір жерде болмай, дау төрт жақта бола-ды».

МЕДИАЦИЯ – ҚҰҚЫҚТЫҢ ҚОРҒАНЫ

Өткен аптада ауданымызға Ақтөбе облыстық ішкі саясат басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясын-да "Келіссөздер академиясы" қоғамдық бірлестігінің төрайы-мы, облыстық қоғамдық кеңес мүшесі Жайнагүл Жасақбае-ва, медиатор- жаттықтырушы Светлана Балпейсова және Ақтөбе облысы бойынша са-уда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департа-ментінің бас маманы Ақбота Жұмамұрат келді. Жоба кураторлары "Шұғы-ла" мәдениет және демалыс орталығында "Қоғамдық қатынастар саласындағы жеке тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша жанжалдарды шешудегі ме-диацияның рөлі" атты семи-нар-тренинг өткізді. Семинарда аудан орталығын-дағы мемлекеттік мекеме қы-зметкерлері, ауылдық округ мамандары, аудан жастары, қоғамдық және кәсіби медиа-торлар жоба кураторларынан білім алды. Ақтөбе облысы бойынша са-уда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департа-ментінің бас маманы Ақбота Серікқызы семинардың тақы-рыбына сәйкес тұтынушы-лардың құқықтарын қорғау саласындағы медиацияның маңызына тоқталса, Светлана Асылгерейқызы азаматтар-дың құқықтық қатынасын рет-теудегі өзінің тәжірибесімен таныстырып, ұлттың тәрби-есімен тамырлас, салтымен сабақтас медиацияның құқықтық мемлекетті қалып-тастырудағы роліне тоқталды. Семинар соңында белсенді қатысқан тыңдаушыларға сер-тификат табысталады.

СҮТ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІ ТУРАЛЫ НЕ БІЛУІМІЗ ҚАЖЕТ?

Сүт - адам үшін табиғаттың өзі дайындаған ерекше тағам, құрамында көптеген пайдалы заттар бар. Сүт - күнделікті сұранысқа ие өнім, сондай-ақ жоғары эпидемиологиялық мәні бар. Қазіргі уақытта дү-кен сөрелерінде сүт өнім-дерінің үлкен ассортименті бар. Көп жағдайда тұтынушы сүт майын алмастырғышы бар сүт өнімін сатып алғанда, ол нағыз қаймақ, айран немесе сары май сатып алып тұр деп ойлайды. Бұл ретте оларды сатып алуға кететін ақша құны да аз емес. Осылайша, әр алуан өнім-дердің ішінен өзіңізді сапасыз, қауіпсіз емес сүт өнімдерін сатып алудан қашына қорғай аласыз? Ол үшін Сізге таңба-лауына мұқият қарауға кеңес береміз. Сүт өнімдерінің ата-уы мен құрамына ерекше на-зар аударыңыз. «Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі тура-лы» (КО ТР 033/2013) техника-лық регламенттің талаптары-на сәйкес, егер сүт өнімдерін өндіру кезінде 50%-дан ас-пайтын мөлшерде сүт майын алмастырғыш пайдаланылса, онда мұндай өнім «құрамында сүт майының алмастырғышы бар сүт өнімі» деп аталуы тиіс. Мисалы, егер сүт өнімі қаймақ технологиясымен өндірілсе және оны өндіруде сүт майын алмастырғыш қолданылса, онда мұндай өнімді «қаймақ» деп атауға болмайды. Бұл «қаймақ технологиясы бойын-

Мұнда Абай әділеттілік пен басқару жүйесінің біртұта-стығын көрсетеді. Бүгінгі мемлекеттік билік-тің заңға негізделгендігі, сот төрелігінің тәуелсіздігі мен бірізділігі осы оймен тікелей сабақтас. Абай әділетті адамның басты сипаты – шындықты ту ету, қорғансызға пана болу, әлсіз-ге жақ болу деп түсіндіреді. Ол өзінің «Өсемпаз болма әрне-ге» өлеңінде: «Әділет, шапқат кімде бар, Сол жарасар туғанға» – де-ген жолдарымен әділетті тек құқықтық емес, адамгершілік мұрат ретінде де сипаттайды. Бұл адам құқықтарын қорғау, құқық теңдігі, кемсітпеу қағи-даттарына негізделген қазіргі демократиялық және құқықтық мемлекет құрылымының руха-ни бастауымен үндес. Абай үшін әділет – формалды ережелердің жиынтығы емес, адамның ішкі табиғатына тән болуға тиіс имани қасиет. Бұл – қазіргі этикалық құқық теориясындағы адамның ішкі моральдық жауапкершілігінің заң алдындағы жауапкер-шілікпен тең мәнге ие екенін көрсетеді. Яғни, тек жазадан қорқып емес, ар-ожданмен өмір сүру – Абайдың құқықтық философиясындағы әділеттің

ЗАҢДЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ФАКТІЛЕРДІ АНЫҚТАУ ТӨРТІБІ

Азаматтардың, мемлекет-тің және заңды тұлғалар-дың бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, азамат-тық айналымда заңдылықты сақтау, істің толық, уақтылы, әділ қаралуын және шешілуін қамтамасыз ету, дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемде-су, құқық бұзушылықтардың алдын алу мен қоғамда заңға және сотқа құрметпен қарау-ды қалыптастыру азаматтық сот ісін жүргізудің міндеттері болып табылады. Өркім бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау үшін осы Кодексте бел-гіленген тәртіппен сотқа жү-гінуге құқылы. Сот азаматтардың немесе заңды тұлғалардың жеке не мүліктік құқықтарының туын-дауына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына байланысты болатын фактілерді Ерекші іс жүргізу тәртібі бойынша анықтайды. АТАП АЙТҚАНДА: 1) адамдардың туыстық қаты-настарын; 2) адамның біреудің асыра-уында болуын; 3) тууды, бала асырап алуды, некеге тұруды, ажырасуды және қайтыс болуды тіркеуді; 4) әке болуды тануды; 5) құқық белгілейтін құжат-тардың (әскери құжаттарды, паспортты, жеке куәлікті және азаматтық хал актілерін жазу органдары беретін куәліктерді қоспағанда) құжатта көрсетіл-ген аты, әкесінің аты немесе тегі осы адамның паспорты немесе жеке куәлігі немесе туу туралы куәлігі бойынша атына, әкесінің атына неме-се тегіне сәйкес келмейтін адамға тиесілі екендігін; 6) егер арыз берушіде мүлік-тің тиесілігі туралы құқық белгілейтін құжат бар болып, бірақ ол жоғалған болса және көрсетілген факт соттан тыс тәртіппен анықтала алмайтын болса, жылжымайтын мүлік объектілерін иеленуді, пайда-лануды және (немесе) оларға билік етуді растайтын құжат-тардың болуын; 7) егер жазатайым жағдай-ды өзгеше тәртіппен растау мүмкін болмаса, жазатайым жағдайды; 8) азаматтық хал актілерін жазу органдары қайтыс бо-луды тіркеуден бас тартқан жағдайда, адамның белгілі бір уақытта белгілі бір мән-жай-ларда қайтыс болуын; 9) егер нотариаттық әрекет жасайтын тұлға мұрагерлік мүлікті иелену үшін құшыне ену фактісін растауға қажетті тиісті құжаттардың болмауына немесе жеткіліксіздігіне бай-ланысты мұраға құқық туралы куәлікті арыз берушіге бере

биік формасы. Абайдың әділет туралы көзқа-растыр бүгінгі құқық саласы-ның бірқатар бағыттарымен өзектес. Әсіресе сот төрелігі, мемле-кеттік басқару, еңбек даулары, мемлекеттік қызметшілердің этикасы мен тәртібі және сы-байлас жемқорлықпен күрес сияқты құқықтық салаларда әділет қағидаты негізгі тірек ретінде танылады. Бұл бағыттардың барлығын-да да шешім қабылдау мен іс жүргізудің әділ әрі тең негізде жүзеге асуы – Абай дәріптеген ар, ұят, кісілік және шындық жолына сәйкес келеді. Яғни, Абай ұсынған рухани-э-тикалық өлшемдер бүгінгі құқықтық қатынастарда ішкі мәдениет пен ар-ожданның рөлін күшейтуге бағыт береді. Әділеттілік – ар мен заңның түйісетін нүктесі. Қазіргі Қазақстан қоғамында әділет принципін терең ор-нықтыру үшін Абай айтқандай, ең алдымен адамның ішкі дү-ниесінде әділет орнауы қажет. Бұл – құқықтық мемлекеттегі заңның тиімділігі мен қоғам-ның тұрақтылығының алғы-шарты.

Айдана ТӨРЕМҰРАТОВА,
Ойыл аудандық сотының судьясы.

алмаса, мұрагерлікті қабыл-дау және мұрагерліктің ашылу орнын анықтау туралы істерді қарайды. Егер Қазақстан Рес-публикасының заңнамасын-да басқа заңдық маңызы бар фактілерді анықтаудың өзге-ше тәртібі көзделмесе, олар-ды сот анықтайды. Сонымен қатар, сот арыз берушінің заң-дық маңызы бар фактілерді куәландыратын тиісті құжат-тарды өзге тәртіппен алуы мүмкін болмаған кезде не жоғалған құжаттарды қалпына келтіруі мүмкін болмаған кезде ғана осы фактілерді анықтай-ды. Жылжымайтын мүліктің орналасқан жері бойынша сотқа берілетін заңдық маңы-зы бар фактіні анықтау туралы істер бойынша арыз жылжы-майтын мүлік объектілерін иеленуді, пайдалануды және (немесе) оларға билік етуді растайтын құжаттардың болу фактісін қоспағанда, арыз бе-рушінің тұрғылықты жері бой-ынша сотқа беріледі. Арызда арыз берушінің осы фактіні қандай мақсатпен анықтауы қажет екендігі көрсетілуге тиіс, сондай-ақ арыз берушінің тиісті құжаттарды алуы мүмкін еместігін не жоғалған құжат-тарды қалпына келтіруі мүмкін еместігін растайтын дәлелде-мелер келтірілуге тиіс. Заңдық маңызы бар фактіні анықтау туралы соттың шешімі, егер мұндай құқық осы органдар беретін құжаттарды ауыстыр-май, тіркелуге жататын болса, тиісті құқықты мемлекеттік тіркеуге және тиісті құжаттарды беруге негіз болып табылады. Қоғам болған соң түрлі дау-лардың туындауы заңдылық. Ақтөбе облысы Ойыл аудан-дық сотында Ерекше іс жүргізу тәртібі бойынша көбіне еңбек өтілін анықтау туралы заңдық маңызы бар фактілер жөнінде арыздар келіп түседі.

Себебі, зейнетке шығу үшін тұрғаның жұмыс өтілі сұрала-ды. Уақытында құжаттарға салғырт қарап, мекеменің мері басылып, еңбек еткен мерзімдері дұрыс жазылмай, жазылған жазбаны сызып, үстінен қайта жазба жазылып, төлқұжаттағы деректер мен еңбек кітапшадағы жазбаға сәйкес келмейтін кездер орын алуда. Егер мұндай фактілер заңға сәйкес заңдық сал-дарларды тудырса, арыз бе-рушінің фактіні куәландыра-тын тиісті құжаттарды алуға не оларды қалпына келтіретін басқа мүмкіндігі болмаса, қол-даныстағы заңнамада олар-ды анықтаудың өзге (соттан тыс) тәртібі көзделмесе, сот-пен заңдық маңызы бар фак-тілерді анықтау туралы тиісті сот актісі қабылданады.

Сәуле ТАНИМОВА,
Ойыл аудандық сотының төрағасы.

СЫРЫМ БАҚТЫТЕРЕУІҰЛЫ

ТАҢҒЫ ШЫҚ ЖӘНЕ КӨЗ ЖАСЫ

Айт, айтпа, осы саланың техникумында оқып жүргенде де, институтында оқып жүргенде де, адам ағзасының ақырзаман аңызы жұғымпаз жанынан жаңбыла қашқан кезі болмаған шығар. Енді, міне, орда бұзар шағына енді-енді жақындағанда, «ал, жетті уақыты, сары бала, қапы қалма» дегізген сағат сыңғыры есікті қағып тұр.

Үкімет өзі біледі, өзі шешеді. Бұл жолы да, Ишанбайды Л. Мирзоянның өзі қабылдады. Бұл жолы да, қорықшы отбасының қалтарыста қалған қарапайым жалтақ мінезі, бөрібір, жылт етіп, басын көтеріп еді, үлкен адам оны тағы да басып тастады.

- Комиссардың қолы қатты, менің қолым жұмсақ, бұйрыққа қол қоя білмеймін, қол қоярда қолым қалтырап кетсе қайтем? - деп еді, феодализм заманынан келе жатқан тақ құдыретіне тағзым ету дағдысымен.

- Қолыңды қалтыратпа. Сен тек бұйрық бер, оны басқалар орындайды. Тақтың да, бұйрықтың да нағыз иесі өзің екенін есіңнен шығарма. Өзіңе сен де, қолыңды қалтыратпай қойып үйрен. Онда да, Левон Исаевичтің қадала қарасынан алдындағы адамынан жауап күткен жыпылық емес, ұлын қауіпті сапарға жөнелткен қатал әкенің кесімді тапсырмасының салқын лебі есіп тұрғандай әсер етіп, Ишанбай үн қатпай, орнынан еріксіз көтерілген еді. Бұл жолы да, масаттық пен мазасыздық кеудесінде қатар жағаласып, ойын опыр-топыр қып жіберді. Үйіне келгенде де, Ириадасына: «Мені денсаулық сақтау халық комиссарлығына ұсынып жатыр» дегенді біртүрлі мақтанышпен емес, ұстаз алдына енді ғана шыққан бала шәкіртше қорғаншақ үнмен айтты. «Құттықтаймын, Ишанбай! Сен, немене, қуанбайсың ба?» деп, аңтарыла қараған сүйіктісінің ыстық демі бойын ысыта алмады. Қайдан қонғаны белгісіз, Қарағұлдың осы кенже ұлының бойында кейде алдағы күннің салмағын алдын ала болжайтындай бір сезім қылаң беріп қалатын.

Бұл жолы да сондай сезім жас адамға тән құрмет пен марапатқа құштарлыққа онша бой алдырған жоқ. «Комиссар мырза, кіммен, қалай күресудің нағыз шақпақша шағылатын ашық майданына шығуыңмен» деп, ішкі бұлаң ойының бүйірін өзінің мысқылшыл әдетімен бір бүлк еткізді. Қасаблатовпен шайқасуының табиғатын толық түсінбей жатып, тағы бір сондай күреспен бетпе-бет келсе, бұрқырай бастаған асау тірлігінің қай қиырға бастап кетерін кім біледі?! Соңғы күндердегі түсініксіз тірестер, ұлтының қаймағындай арыстардың оппа күштің құрдымына жаппай ілінген тағдыры сол арыстарды ұлықтаған жас толқынды әуре-сарсаң бір беймәлім күйге түсіріп, орта жолда аты өлген жолаушыдай есеңгіретіп тастағаны рас-ты.

Онысын ашып айтпаса да, алдағы тірлігіне сақтана қаратқан беймәлім түйсік мазасы масадай ызыңдап, күнәсіз жастардың миын шаға бастаған болатын. Ишанбайға комиссарлық үлкен сенім нақ осындай күндерде көрсетіліп еді. Отыз жетінің ойраны қазір ешкімге таңсық емес. Ойран - ойран, ойрандығына тиісті баға берілді, бөрі өтті, кетті.

Бүгінгі ұрпаққа ол - шаң басқан құжаттардағы өлі деректер. Оны әркім өзінше тірілтіп жатыр. Тағылымдық қыры бүгінгі жас буынның дүниетанымына қандай құндылық қасиет дарытты? Осы ретте, жаңағы шаң басқан құжаттардың бірі - сол күндердегі институт студенті, кейінгі қазақтың белгілі тұлғаларының бірі, медицина ғылымының докторы, академик Хамза Жұматовтың сол отыз жетінші жылғы жиырма бірінші қарашада «Лениншіл жас» газетінде, институттағы ахуал жайлы күйініп жазған мақаласын оқып отырып, «сол күндерде Хамзаның орнында өзім болсам қайтер едім?» деп толқыдым. Құдай басқа салмасын, денем дірілдеп қоя берді. Бұлай толқуымның сырын ұққысы келген жанға сол күндерде институтты басқарған Харира Мұханбетованың 1981 жылғы 20 мамырда өз қолымен жазған естелігінен үзінді келтірейін:

«1931 жылы Қазақ Республикасы Егіншілік халық комиссиясының орынбасары қызметін атқарып жүрген мені Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Л.Мирзоян шақырып алды да: «Біз Сіздің іскер ұйымдастырушы екеніңізді білеміз, сондықтан Сізді жаңадан ұйымдасып жатқан медицина институтына директор етіп тағайындау туралы шешім қабылдадық» деді. «Медициналық білімім жоқ, ондай шешіммен келісе алмаймын» дедім. Бірақ, хатшы: «Бюро солай шешті» деп кесіп айтты. Партия сөзі - соңғы сөз, іске кірістім. Кірістім деймін-ау, қалай кірістім?! Білдей оқу орнында жалғыз-ақ профессор, қалғандары сырттан келіп дәріс жүргізеді. Яғни, бір мезгілде әртүрлі үш-төрт оқу орынында сабақ береді және олардың дені медицина саласының емес, жалпы физика, математика пәндерінің оқытушылары. Оқу корпустары жоқ, кафедралар қаланың әр жерінде шашырап, амалсыз күй кешерлік қарапайым ғимараттарға орналастырылған. Жоғары курс студенттеріне практикалық сабақтар Қызыл Крест қоғамдық бірлестігіне қарасты қалқалық барактарда жүргізіледі.

Зертханалар жетіспейді, барларының өзінде тиісті медициналық құрал-жабдықтар мүлдем тапшы. Қаланың қиыр-шыыр түкпірлерінде, басшылық бақылауынан кесілген шашыранды барактарда тұратын, әлеуметтік жағдайлары әртүрлі студенттер қақтығысы жиі кездеседі. Азық-түліктің өзі карточкаға тәуелді. Мұндай жағдайда, оны әділетті бөлудің қиямет-қайымын дәлелдеудің өзі артық. Өлкелік партия комитетінен көмек сұрадым.

Мәскеуге, Одақтық денсаулық сақтау комиссариатына шағындым, өйткені институт республиканы аттап, тікелей соларға бағынатын. Ешқандай көмек болмады.

Не әрі, не бері, басқа жол жоқ, тәуекел, тура СОКП Орталық Комитетіне хат жазуға тура келді». Х.Мұханбетова естелігі сол күндердің сынық бір елесіндей. Күрес, күрес, күрес, екінші біреумен сөзге келу, екінші біреудің амалсыз күйінген жұбаныш сөздеріне малдану. Мұның бөрі, бірдің емес, мыңның, әлсіз Үміт пен Сенімнің қылбұраулы аясында, тілі Уақыт таразысында дір-дір еткен сын сағаттар

дағы еш боямсыз шындық ызасы болатын. Өз қолымыз өз аузымызға жетіп, ұлттық тарихымыздың ақтаңдақтарын ашу майданындағы өміршең ізденістер мен нақты әрекеттер өз жемісін бере бастаған бүгінгі күндерде бұған көзіміз жете түскендей. Аға ұрпақтың біздің болашағымызға қандай қиналумен, қандай тәуекелмен соқпақ тартқанын сезіну, сөз жоқ, перзенттік парыз өлшемі.

«Сұға кеткен тал қармайды», қысылғанда қолқаны қиырға, сырт қалаларға салдық, кадр іздедік, - деп жалғастырыпты естелігін Халида ханым. - Жан-жаққа хат жолдадық. Ол нәтижесін берді. Алғашқы бір-екі жылдың ішінде Астраханнан оташы И.С.Баккал, терапевт С.И.Телятников, бала дәрігері Федорович, Воронёжден екі профессор - В.Г.Ермолаев, В.П.Рощин, Қазаннан жас аспирант А.Н.Сызганов келді».

Қазіргі таныммен, мүмкін әсіре сезімдей көрінер, бірақ ақиқатын айтқанда олар дәстүрлі қазақ медицинасына жаңа леп әкелген толқын өкілдері ретінде есте қалды. Одессалық Илья Семенович Баккал 1901 жылы Петербургтің Әскери медициналық академиясын бітірді. Революциялық қозғалыстарға қатысқаны үшін Астраханьға жер аударылды. Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан әскери дәрігер он сегізінші жылы қайтадан Астраханьға оралып, отыз үшінші жылы Алматыға келгенге дейін Астрахань қалалық ауруханаларда хирургия, гинекология бөлімшелерін басқарды. Медицина ғылымының докторы, қазақ медицинасының тұңғыш профессоры Ишанбай Қарағұловпен ілессе, профессура даңғылына алғаш із қалдырған тұлғалардың бірі. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жетпістен астам ғылыми еңбектердің авторы. Қазіргі С.Асфандияров атындағы Мемлекеттік медицина академиясы 1936 жылы қазақ даласының тұңғыш медициналық мемлекеттік оқу орны ретінде тұңғыш түлектерін ұшырғанда, Сергей Иванович Телятников тұңғыш институттың тұңғыш Мемлекеттік сынақ комиссиясының төрағасы ретінде, ұлттық дәрігерлеріміздің тұңғыш жас толқынына ең алғаш ақ тілек тілеген қайраткерлердің бірі. Алу, Ишанбай Қарағұлов сол тұңғыш түлектердің бірі де, бірегейі де еді.

Ишанбай аға 1937 жылы республиканың Денсаулық сақтау халық комиссары болып тағайындалғанда Қазан университетінің медицина факультетінің 1925 жылғы түлегі Владимир Георгиевич Ермолаев оның орынбасары ретінде таңдалды.

Ол соның алдында ғана Қазаннан Алматының медицина институтына ауысып, институттың оториноларингология кафедрасын басқарған еді. Және докторлық диссертациясын да осы институтта қорғаған болатын.

Оториноларинголог дегеніңіз жаңа заманға қалыптасу кезеңіндегі жас мемлекеттің ең зәру мамандықтарының бірітін.

Ал, көз жанарың-шы?! О, айтаңыз, республикада мұның зардабын тартушылар жетіп артылатын. Ол тек қазақ арасында ма?! Көршілес татар, чуваш бауырлардың да бұл жанын жай таптырмайтын ежелгі дерті болатын. Елін-

де отандастарын осы дерттен айықтыру үшін арнайы ұйымдастырылған бірнеше отрядты басқарып, әжептәуір тәжірибе жанақтаған Василий Павлович Рощин 1934 жылы қазақ топырағын басып, сол жылы Алматы медицина институты көз кафедрасының меңгерушісі болып сайланды. Және оған тапжылмастан 35 жыл жетекшілік етті. Сонымен қоса, көз ауруларының Қазақ ғылыми-зерттеу институтын қатар басқарып, іс жүзінде трахомамен күресудің ғылыми-практикалық негізін қалады.

Қазан университеті жанындағы медицина факультетінің 1922 жылғы түлегі, сол университеттің хирургия кафедрасында ассистенттік және приват-доценттік он екі жылдық тәжірибеден өткен Александр Николаевич Сызганов Алматы медицина институтының хирургия кафедрасын үзбестен жиырма тоғыз жыл басқарды. Нақ осы қызметте жүріп, ол бір мезгілде Екінші дүиежүзілік соғыс жылдарында соғыс ардагерлері мен мүгедектері емделетін аурухана негізінде оташылардың арнаулы ғылыми орталығын құруға белсене кірісті. Қырық жылдай уақытта ол республи-

кадағы ірі орталыққа айналды. 1980 жылы оған А.Н.Сызганов есімі берілді. Александр Николаевич сол 1934 жылы Қазақстанда бұғақ ауруының таралуын зерттеп, ас тұзына иод қосу арқылы оның алдын алу әдісін ойлап тапты. Лазермен емдеудің белгісіз құпияларын ашып, республикада қатерлі ісікпен емдеу орталығын ұйымдастыруға үлкен үлес қосты. Республикада өкпеге, жүрекке операция жасау желісін тартудың алғашқы қайраткерлерінің бірі.

Халила ханым естелігінде есімдерін шінара атаған осы адамдар тағдырын үстірт шолып өткеннің өзінде, медицинамыздың қара шаңырағының қаз тұрарда қандай күй кешкенін толқымай еске алу мүмкін емес. Нақ осындай, ұлт үшін де, ұлттың ұландары үшін де сын садағы шірене тартылған сол күндерде қарапайым қорықшының өнер-білімге мүмкіндігі болмай, өптен есейіп, сусап көліп қосылған, еті тірілігінен ғана тағдыр теперішіне қасқия қарсы тұрып, жетіліп келе жатқан қайсар ұрпағына сол сыннан сүрінбей өту қаншалықты қиын болды десеңізші?!

Білдей бір мемлекеттің Денсаулық сақтау халық комиссары! Амал жоқ, дүр сілкінді. Дүр сілкінді де Л.Мирзоян тапсырғандай, іске кірісті. Комиссар лауазымындағы ең алғашқы кең ауқымды шараны, сол отыз жетінші жылдың күзінде Шымкент қаласында өткізді. Алғашқы баяндамасын жасады. Өке әулетіндегі өзі базынан кешкен ағзалық ауыртпалықты қайғы-шерге балап жүргені түкке тұрмайды екен, пенде емес, перзент ретінде санасына алғаш рет шындап салмақ түскенде, елдік мүдде өрісі алғаш рет санадағы өзіндік шегінен шығып, республикалық форум мінбесінде алғаш рет бұқаралық айтысқа қосты да жіберді. Форумға сол күндерде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші хатшысы болып істейтін Сәлкен Дәуленов те қатысты. Екеуі де ойылдық, жерлес, тіпті қазақы рулық жағынан да жақындығы бар еді.

(Жалғасы. Басы алдыңғы санда)

ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ - САПАЛЫ НӘТИЖЕГЕ НЕГІЗ

Өткен аптада «AMANAT» партиясының Партиялық бақылау комиссиясының мүшелері Ойыл селосындағы “Асанәлі” бөбекжай-бақшасында жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарының барысымен танысып, арнайы бақылау жұмыстарын жүргізді. Аталған нысандағы жөндеу жұмыстарын жүзеге асырып жатқан мердігер – “Кварц-Спецсервис” ЖШС-і. Жөндеу жұмыстары осы жылдың 1 мамырында басталып, 1 тамызында толық аяқталады деп жоспарлануда. Комиссия мүшелері құрылыс жұмыстарының сапасына, белгіленген мерзімнің сақта-

луына, сондай-ақ техникалық талаптардың орындалуына баса назар аударып, мердігер тарапқа бірқатар ұсыныстар мен ескертулерін жеткізді. Мұндай бақылау іс-шаралары – «AMANAT» партиясының халыққа берген уәделерінің орындалуын қадағалауға, ашықтық пен сапа принциптерін нығайтуға бағытталған жүйелі жұмысының бір бөлігі. Балалар – болашағымыз! Сондықтан да, бүлдіршіндеріміздің жайлы әрі қауіпсіз ортада тәрбиеленуі – басты назарда. Партиялық бақылау алдағы уақытта да өз жұмысын белсенді жалғастыра береді.

АДАМ ПАПИЛЛОМА ВИРУСЫ



Адам папиллома вирусы (АПВ) – 200-ге жуық түрді қамтитын тұқымдас вирустарға жатады. Кейбіреулері адам денсаулығына салыстырмалы түрде қауіпсіз, басқалары онкологиялық процестің дамуын белсендіре алады. АПВ сыртқы жыныс мүшелерінің аурулары арасында ең көп таралған және агрессивті патология. Вирус көмей мен ауыз қуысының, тік ішектің, вульваның және қынаптың, жатыр мойнының қатерлі ісігінің дамуын қоздырады. АПВ инфекциясы ұзақ уақыт бойы симптомсыз болып, ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.

- АПВ жұқтырған кезде пайда болатын аурулар: - Жыныс сүйелдерінің пайда болуы; - Тыныс алу жолдарының папилломатозының дамуы; - Ісік процесінің дамуымен жыныс мүшелерінің зақымдануы. Көптеген адамдар аурудың клиникалық көрінісісіз патогенді тасымалдаушы бола алады. АПВ-ны адам өмірінде қайталап жұқтыруы да мүмкін. Өйткені АПВ инфекциясынан айыққандардың барлығында вирусқа тәзімділік қалыптаса бермейді. Көбінесе, аурудың клиникалық белгілері ерте кезеңдерінде пайда болмайды. Әдетте алғашқы белгілері қоздыратын факторлардың әрекетінен кейін пайда болады.

ИНФЕКЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРІНІСТЕРІ.

Папилломовирустың инфекцияда ұзақ уақыт бойы клиникалық көріністер болмауы мүмкін. Аурудың инкубациялық кезеңі бірнеше жылға созылып, оның барысында пациент вирустың әртүрлі түрлерін жұқтыруы мүмкін. Тек қоздырушы факторлардың әсерінен (иммун тапшылығы, гипотермия, стресстік жағдайлар) АПВ инфекциясының белгілерін байқауға болады. Көп жағдайда 1-2 жыл ішінде бұл инфекциядан өздігінен жазылу мүмкін, бірақ кейбір науқастарда патология созылмалы түрге ауысады.

ТҰРМЫСҚА ЖАНАСУ ЖОЛЫМЕН

АПВ қол алысу, сүйісу, терідегі зақымданулар арқылы берілуі

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы ұжымы, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау, қызметті жоспарлау және талдау бөлімінің бас маманы Шаттық Бақытжанқызы Әлжановаға әкесі,

Бақытжан ақсақалдың

өмірден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

мүмкін. Вирус ылғалды ортада тез таралады, сондықтан қоғамдық орындарға – сауналарға, моншаларға, спорт залдарына, деретханаларға, бассейндерге барғанда өзіңізді ұқыпты ұстағаныңыз дұрыс.

ТІКЕЛЕЙ ЖОЛМЕН ТУУ КЕЗІНДЕ

Вирус анадан сәбиге оның босануы жолдарымен өту кезінде беріледі. Сүйелдер көбіне нәрестелерде өмірінің алғашқы жылдарында ауызда немесе теріде пайда болады.

ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰҚТЫРУ ЖОЛЫ АПВ қырыну немесе эпилепсия кезінде дененің бір бөлігінен екінші бөлігіне жиі ауысады. Бүгінгі таңда АПВ емдеу жолы жоқ, алдын алудың бірден бір әдісі – бұл вакцинация. Жатыр мойны обырының (ЖМО) дамуына әйелдің АПВ инфекциясын жұқтыруы себеп болатыны ғылыми дәлелденген. Адам папилломасы вирусына (АПВ) қарсы вакцина 15 жылдан астам уақыт бойы пайдаланылады және Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстанды қоса алғанда, дүниежүзінің 135 мемлекеттерінде жасалынады.

2024 жылдың қыркүйек айынан бастап Қазақстанда 11-12-13 жасар қыз балаларға АПВ-ға қарсы вакцинация жүргізіліп жатыр. АПВ-ға қарсы вакцина мектептерде немесе тіркелген мекенжайы бойынша емханаларда еkle кабинеттері арқылы тегін негізде қолжетімді. Вакцинация қарсы көрсетілімдер болмаса, дәрігердің қарап тексеруінен кейін ата-аналарыңыз немесе қамқоршыларының хабарланған ақпараттандырылған келісімімен адамдар үшін қауіпсіз. ЖМО (жатыр мойны обыры) – жалпыға бірдей АПВ екпесімен вакцинациялау арқылы толығымен алдын алуға болады!

Ғ. ҚҰБАЕВ, Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

ДАРЫНДЫЛАРМЕН ЖҮЗДЕСУ – ҮМІТКЕ ЖОЛ АШҚАН СӘТ

ЖЕТКІНШЕКТИҢ ЖЕТІСТІГІ — ЕЛ ЕРТЕҢІНІҢ АЙНАСЫ. ДАРЫНДЫ БАЛАНЫ ТАНЫП, ОНЫ ҚОЛДАУ — ТЕК БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ЕМЕС, ТҰТАС ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ МҰРАТЫ. ОЙЫЛДА ӨТКЕН БІР КЕЗДЕСУ ОСЫ СӨЗДІҢ МӨНІН ТЕРЕҢІРЕК ҰҒЫНДЫРҒАНДАЙ...



1 маусым — Халықаралық қорғау күні. Бұл — бүкіл әлемде баланың бақыты болашағы үшін бір сәт үн қосатын ерекше күн. Ойыл ауданында бұл мереке биыл ерекше мазмұнда өтті. «Қазақстан балалары» бірыңғай тұжырымдамасына сәйкес, ауданның үкілі үміті, болашақтың бетке ұстар дарынды ұландары аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлының қабылдауында болды. Басқосу — ресми жиыннан гөрі, шынайы ықылас пен үмітке толы жылы жүздесу іспетті өтті. Өңір мақтанышына айналған 19 оқушы — халықаралық, республикалық, облыстық деңгейдегі білім және өнер бәйгелерінде оза шапқан даралар. Пәндік олимпиадалар, шығармашылық байқаулар, ғылыми жобалар — әрқайсысының жүріп өткен жолында маңдай тер мен мызғымас жігер жатыр. Ал сол еңбекті аудан басшысының өзі арнайы атап өтуі — бұл оқушыларға берілген үлкен рухани қолдау, шабытты серпін. Кездесу барысында Асқар Қайырғалиұлы әр балаға жылы лебізін арнап, олардың арман-мақсаттарын мұқият тыңдады. Әкімнің шынайы ықыласпен сөйлесуі, әр жетістікке риясыз қуаныштан ұлт болашағына деген сенімінен оты анық сезілді. Сонымен қатар, дарынды жеткіншектердің биіктен көрінуіне ықпал еткен ұстаздар мен ата-аналарға алғысын жеткізді. Себебі дарынды бала — жүйелі тәрбие мен дұрыс бағыттың нәтижесі. Кездесуге қатысқан Қараой мектебінің түлегі, жас ақын Дәурен Сәуірбаев өз туындысын оқып, жүректерге жол тартты. Оның өлең жолдары — жастық жалынның, туған жерге деген махаббаттың көркем көрінісі болды. Ал аудандық балалар музыка мектебінің түлектері орындаған күмбірлеген күй — кештің рухын тербеп, қазақ өнерінің мәңгілігін тағы бір дәлелдегендей. Мұндай жүздесулер — болашаққа салынған көпір. Бұл тек марапат кеші емес, жастарды жаңа белестерге жетелейтін сенімнің, қоғам назарындағы құрметтің белгісі. Кездесу соңында оқушыларға аудан әкімінің Алғыс хаттары мен естелік сыйлықтары табысталды. Бірақ ең басты сый — олар үшін осы сәттің өзі, қоғамның назарында екенін сезіну. Ұрпаққа үміт артқан елдің болашағы жарқын. Ал сол болашақтың бастауында — бүгінгідей жанашырлық пен жігер, шабыт пен сенім тұрса, ертеңге аландаудың еш қажеті жоқ.

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ-БАСТЫ НАЗАРДА!



Жаз-бұл демалыс уақыты ғана емес, сонымен қатар қауіпті кезең. Мектеп демалысы кезінде балалар мен жасөспірімдердің бос уақыты көбірек болады және олар көбінесе өздеріне беріледі. Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі ата-аналарды балаларына мұқият болуға, олардың немен айналысып, қайда уақыт өткізетініне қызығушылық танытуға шақырады. Сонымен қатар, балаңызбен сөйлесуге мүмкіндігінше көп көңіл бөлу керек, онда оған қауіпсіз мінез-құлық ережелерін тағы бір рет еске салу артық болмайды. Есіңізде болсын, ересектердің балаларды бақылауының болмауы қайғылы оқиғалардың ең көп тараған себебі болып табылады. Сондықтан балаларды қарасусыз қалдырмаңыз! АТА-АНАЛАР - балаңызбен отпен ойнаудың қауіптілігі туралы сөйлесіңіз; - балаға өрт болған жағдайда пәтерде жасырынуға болмайтынын, ал ғимараттан шығып, өрт туралы ересектерге хабарлау қажет екенін түсіндіріңіз; - тұрмыстық электр құрылғыларымен және газ жабдықтарымен қауіпсіз жұмыс істеу ережелерін түсіндіріңіз; - балаңызға су айдындарындағы мінез-құлық ережелері туралы айтыңыз. Құрметті ата-аналар, балаңызға қарапайым ережелерін сақтау қаншалықты маңызды екенін айтыңыз! Мұны жеке мысалмен дәлелдеңіз! Есіңізде болсын, Балалардың өмірі мен денсаулығы сіздің қолыңызда! Егер сіз төтенше жағдайға тап болсаңыз және сізге көмек қажет болса-төтенше жағдайлар қызметіне қоңырау шалу үшін 112 нөміріне қоңырау шалыңыз.

КРЕАТИВТІ ЖАСТАРМЕН КЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУ

27 МАМЫР КҮНІ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАСЫ СӨКЕН ЗАЙМОЛДИН МЕН АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ ЕРКІН ЖИЕНАЛИН, СӘНДІБЕК НҰРБАЕВ, ЖАНГҮЛ ІЗҒАРИНА ЖӨНЕ ӨРКЕН АҚЕДІЛОВ ӨР САНАТТАҒЫ АУДАН ЖАСТАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ. Жастармен кездесуге Ойыл ауылдық округінің әкімі Рүстем Сағынғалиев, аудандық ауылшаруашылығы және кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Арсланбек Алдияров, аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің сектор меңгерушісі Бакберген Мұхамбетқали және «Мансап» орталығының маманы Артур Берекенов шақырылды. ЖАСТАР ТАРАПЫНАН: Қаратал ауылына қыз-келіншектердің бос уақытын тиімді пайдалануға шаралардың қажеттігі, Ойыл ауылының жоғары жақ көшелерін асфальттау, тұрмыстық қалдықтар полигоны мәселесі, жас мамандарға тұрғын үй, көпір мәселесі, спорттық жарыстар әйел адамдар арасында өтсе, Қараой ауылына спорттық нұсқаушы қажеттігі және жол нашар болғандықтан жастардың тұрақтамауы, резеден-тураға оқуға көмек көрсету мәселелері көтерілді. Барлық ұсыныс-пікірлерге жергілікті атқарушы орган өкілдерімен бірлескен түрде тұшымды жауаптары берілді. Сонымен қатар депутаттар жастарды жеке мәселелерімен қабылдады. ӨТІНІШТЕР ЛЕГІ: Қайыңды ауылдық округінен ангарлы типтегі спорт алаңын салу және тұрғын үй алуға ықпал ету мәселелері болды. Өтініштерге заңдылығы аясында түсінік беріліп, жергілікті атқарушы билікпен қаралатындығы жеткізілді.



ҚАСІРЕТТІ ТАРИХҚА ТАҒЫМ – ҰРПАҚ ПАРЫЗЫ

31 мамыр – Қазақстан тарихындағы ең ауыр әрі қасіретті кезеңдердің бірін еске алатын күн. Бұл дата – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні ретінде жыл сайын елімізде кең көлемде атап өтіледі. Осыған орай ауданымызда да тағзым шарасы ұйымдастырылып, өткеннің зұлматын еске алу, жазықсыз жапа шеккен ата-бабалар рухына құрмет білдіру мақсатында арнайы іс-шара өтті. Ресми шара аудан әкімінің қатысуымен басталды. Аудан басшысы Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев сөз сөйлеп, бұл күннің тарихи маңызы-



дылығына тоқталды. Ол өз сөзінде: «Тәуелсіз ел ретінде өткенімізді ұмытпай, тарихтан тағылым алу – болашақ ұрпақтың алдындағы басты міндетіміз. Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу – әділет

«АЯЛАДАҒЫ» БҮЛДІРШІНДЕРДІ ҚУАНТТЫҚ!



1 маусым күні аудандық жастар ресурстық орталығының мамандары Ақтөбе қаласындағы «Аяла» арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығына бардық. Балаларды тағдырдың сыйы, жүректің жемісі, көздің нұрына теңеген қазқыыз. Сол себепті 1 маусым Халықаралық балалар күні, осы орталықтың балаларына жақсылық жасап қуаныш сыйлағымыз келді. Себебі «Жақсылықтың жақсылықтан басқа қайтарымы бар ма?» деп «Рахман» сүресінің, 20-шы аятында баяндалғандай, шынында да жақсылықтың қайтарымы – тек жақсылық ғана. Ал соның ішінде бейкүне балаларға жасалған жақсылық-ең мейірімдісі делінген. Бүлдіршіндер бізді қуана қарсы алды. Оларға шаттық көңіл-күй, сыңғыр күлкі сыйлау мақсатында аниматорлық

қойылым қойдық. Балалар қоян, қонжық секілді кейіпкерлерді көргенде жүздері бал-бұл жайнап, әртүрлі бағытта ұйымдастырылған ойынның қайнаған базарында асыр салып, шаттық күлкіге ерік беріп, билеп көңіл көтерді. Іс-шара соңында балаларға тәтті сыйларымызбен, сыйсияпатымызды, ойыншықтарымызды табыстап, балалармен естелік суретке түсіп, сәбилердің тәтті күлкісіне тоймаған күйі тарқастық. Кішкентай балақайлардың Алпағұмырларын ұзақ қып, егеменді еліміздің туын желбіретер азаматтар боп ессін деген тілектеміз. Ал, сәбилерге шаттық күлкі сыйлауға үлес қосқан аудандымыздың мейірімді, иманды жандарына әрқайсысына «Алланың нұры жауып, ризашылығын төксің!» дейміз! Орталық тарапынан шексіз алғысымызды білдіреміз!

«БАҚЫТЫ ҮШІН БАЛАНЫҢ...»

Жылдағы ДӘСТҮРМЕН БИЫЛ ДА 1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІНЕ ОРАЙ «ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫ» АТЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ САЯБАҚТА «БАЛА ШАТТЫҚ, БАЛА - БАҚЫТ, БАЛА - НҰР» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК ШАРА ӨТТІ.



Мерекелік шараға арнайы қатысқан аудан әкімі Асқар Қазыбаев балалар мен ата-аналарды мерекемен құттықтап, "Жаздың алғашқы күнінде ең

маңызды мерекелердің бірі – Халықаралық балаларды қорғау күнін атап өтеміз. Әр ата-ана үшін ең үлкен бақыт – баласының адал,



еңбекқор, саналы азамат болып өскенін көру. Ал мемлекет алдындағы басты міндет – еліміздің ертеңі болатын білімді, дені сау әрі отаншыл ұрпақты тәрбиелеуге барлық жағдай жасау. Бүгінгі балалар – ертеңгі ел тірегі. Әр бала мейірім мен махаббатқа, қамқорлыққа бөленсін» – деп ақ тілегін білдірді. Аудандық білім бөлімінің ұйытқы болған мерекелік шарасы өз жас өнерпаздардың

концерттік бағдарламасымен жалғасын тапты. Сонымен қатар, бүлдіршіндер асфальтқа сурет салып жарысса, көпшілік "Біз бақытты балдырған" сурет көрмесі мен "Робототехника ғажайыптары" көрмесін тамашалады. Шара барысында барлық қатысушылардың көңілін көтеріп, балаларға ерекше көңіл-күй мен шаттық сыйланды. Олардың шынайы күлкісі мен қуанышты сәттері – бұл шараның ең үлкен жетістігі.